

ӘОЖ 7.031

Ш. Дәукенқызы, Қ. Жәнәбілұлы

Педагогикалық университетінің тарих кафедрасының 3-курс студенті, Құлжа, ҚХР

### Қазақ бас киіміндегі үкі мен ою-өрнектердің келу тарихы

**Аңдатпа.** Қазақ ұлты ұзақ даму барысында өзіне тән киім-кешек мәдениетін жаратты. Қазақ ұлтының қазірге дейін жалғастырып отырған киім-кешек үлгілері ұлттың этно көздері болған Ғұн, Үйсін, Сақтардың киім-кешегімен тығыз байланыстырады. Қазақ бас киімге қатты мән береді, бас киім адамдардың күнделікті тұрмысындағы маңызды әшекей бұйымы емес бір адамның салауатының символы деп қарайды.

**Түйінді сөздер.** Үкі тағу үрдісі, қазақ ою-өрнегі, қазақ мәдениетінің қалыптасуы.

Киім-кешек – адамзат мәдениетінің жанды бейнеленуі. Сыртқы обаяр, материал, форма, түс, бояу, ою-өрнек құрылымы жағындағы бай мазмұнды қамтыйды. Етынография зерттеуде киім-кешек маңызды орынға ие, ең әуелі қазақ киімі туралы тоқталғанда «Ежелгі» деген сөзді қосыла айтуға тиісті көрінеді. Үйткені; «Елыу жылда ел жаңа-жүз жылда қазан жаңа» дегендей қазақ ұлтының дәстүрлі мәдениетіндегі киім-кешек үлгілерінің алыстан келуі.

Қазақтың бай ұлыттық мәдениетінде киім мәдениетінің орны ерекше, қамтыйтын көлемі кең.

#### 1. Қазақ бас киімінің келу тарихы.

Бүгінгі таңдағы ұлыттық бояуы қанық болған қазақ бас киімінің келуі жәйінде көптеген материалдарды ақтару барысында бөгенайы бөлек бөлек болған осы бас киімнің төркінін сонау сақтар заманынан басталғанын түсініп жетеміз, мысалы; Сақтардың бас киімі туралы Геродот «олардың тығыз киізден тігілген шошақ бөрік киетінін айтады». Ал Антропологтар болса бас киім туралы алғашқы деректерде сақтар заманынан бастайды, яғни 1983 жылы Күнес ауданынан бір моладан қоладан құйылған сақ мүсінінің шошақ тымағы табылған. Міне бұл қазіргі бас киімдердің ертедегі бас киімдердің жалғасы екенін көрсетеді. Монғулияның Баян Өлгей өңірінен түсірілген жарта суреттеріндегі кеңесте отырған үш адамның бас киімі бүгінгі қазақтардың бас киіміне негізгі жақтан ұқсайтынын байқаймыз. Мысалы, бүгінгі қазақтардың екі құлақты желкелігі бар түлкі елтірі, сәукелесі бұдан еш айнымайды.

Ал XV-XVII ғасырлардағы қазақ хандықтарының түсында сонау ежелгі ата-бабалардың

бас киім үлгісін сақтап келген, әсіресе қазақ әйелдерінің бас киіміне жақын болды. Мәселен қазақ әйелдерінің келін болып түскенде киетін, биік төбелі, үшкірлеу келген қонуыс тәріздес қатырмаланып тігілген бас киімі болған сәукелесі байырғы Сақтардың үшкіл төбелі, биік қалпағының заңды жалғасы. Дәл қазіргі үкілі қазақ сәукелесі сияқты бас киімнің үлгісін Шинжиянның Құтыбей Ауданындағы жыңсқа табыну жартас суреттерінен байқаймыз.

Біздің заманымыздан бұрынғы осы жартас суреттеріндегі сәукеле тәрізді осы бас киім басқа елдің жартас суреттерінен жолықбайды. Міне осы киім үлгісі сәукеле бұрынғы сақтардың қазіргі қазақтың еншісіндегі сәукеле екенін растайды.

#### 2. Қазақ бас киіміне үкі тағу жайында.

Қазақтың бас киіміне көбінде үкі тағылады, үкі тағу қазақтың салыт дәстүрімен мәдениетінің көркемдік формасының бірі әрі байырғы ата-бабалардың төтемдік сенім-наныммен тоғысып жатқан мәдени құндылық.

Басына аққу терісін жамылғандар, күс жүнін таққандар әуелі аналық дәуірдің презенттері Құшынаш, Диуаналар болса керек, әсіресе ұлтымыздың дүние танымында салыт-санасында әйелдердің орны өте жоғары тұрған. Евразия даласындағы жартас суреттерінде дәлелдейтін фактілер мол. Үкі тағу үрдісі бүгінге дейін жалғасып қазақ бойжеткендерінің тақиясымен жас келіншектердің сәукелесіне тағылатын үкіге дейін ұласып келеді. Қазақта жаңа түскен келіннің желегіне үкі мамығы мен қауырсынын тағу салты барлыққа келіп, бірте-бірте жалпылық түс алған, міне бұл ислам дінін ұлтымыз қабылдаудан ілгергі дінний наным-

дардан қалған қалдық болып, ислам дінімен тоғысып оған үйлесіп, діндік дәрежеден ығысып, тұрмыс салыттағы ырымдарға яғни жол-жосындар құрамына еніп кеткен, сондай-ақ, халықмыздың ежелден қазірге дейін тұрмыстық тұтынуы бұйымдарын істеткені көз жауын алатын көрікті етіп әрлеуді дағыдыға айналдырған, қорытып айытқанда, үкі мамығын қауырсынын қазіргі кезде пайдаланылуы жол-жосындардан, ырымдардан гөрі әседік ретінде істелуі жалпылық сипатқа ие болуда. Сонымен қоса ұлтымызда құда болған қызға үкі тағатын салтымыз бар. Өйткені халықымыз үкі тағу арқылы құда болған қызды төтемнің сақтауына, пәле-қазадан сақтауына, пәк, таза жүруге тіл мен көздің сұғынан сақтайтын қасиеті бар деп қарауынан туындаған төтемдік ырымдар болып табылады. Үкі тағуды бақыттың, қуаныштың, жақсылықтың символы ретінде қарайды.

### 3. Қазақ бас киіміндегі ою-өрнектер жайында.

Халықымыздың күнделікті тұрмысындағы ою-өрнектердің шығу тегі ежелгі адамдардың наным-сенім және өмір амәлиатындағы өзіне әсер еткен, кие тұтқан заттармен құбылыстардың ерекшелігі арқылы туындаған қиялының билігі болмақ, Қазақстанның Алтай өңіріндегі Катон Қарағайынан табылған Пазырық мәдениетіне тән қабырдағы ағаштан ойылған жануар бейнелері біздің қазақ оюы төтемдік бейнелеуі өнеріне қалыптасқан деген көзғарасымзды тіпті растай түседі.

Қазақ ою-өрнегі қазақ мәдениетінің қалыптасуы, даму тарихын зерттеуде тілден қалса аса маңызды орында тұрады, ол қазақ ұлтының ең негізгі ұлыттық симыбылы, дүниенің қайсыбір түкбірінен болмасын қазақ ою-өрнектерін көрген жерден таныуға болады. Біз қазақ киім-кешегімен бас киіміндегі және басқалай нәрселерге салынған ою-өрнектен тани аламыз. Қазіргі қолда бар мәліметтерге негізделгенде қазақ ою-өрнегі төрт мың жылдан бері бірден-бір түс жоймай, қаймағын бүзбай жалғасып келе жатқан дәстүрлі өнері болып табылады.

Қазақстандық ғалымдар қазақ ою-өрнегі туралы былай деген «қазақтың ою-өрнегі қазақ жерін мекендеген көшпелі пайпалар әсерімен ғасырлар бойы қалыптасып белгілі бір жүйеге келген ою-өрнек түрлері еді. Мысалы; қазақ әйелдерінің кимешек бен шылауышқа түрлі ою-өрнек салынады, бірақ осы ою-өрнектерде рулық ерекшеліктер болады, яғни қазақ киім-

кешек мәдениетінен хабары бар адам бір қарап-ақ қайсы рудың әйелі екенін біледі.

4. Бас киімдерге қатысты ырымдар мен тиымдар.

Бас киім үйдің құты мен берекесі, басқа қонған бақыттың тұрағы деп есептейді, сондықтанда бас киімге қатысты ырымдар мен тиымдар күт бен берекені сақтауға, байанды етуге бағышталады. Айталық, оның ішінде бас киімді тарту етбеу, ауыстырып кимеу, қабаттамау сияқтыларды атауға болады. Бас киімді кез келген жерге тастауға болмайды. Әсіресе астыға басып отыруға болмайды, себебі; «бас-тан бақ таяды, бас ауыруға тап болады. Бас айналып, тіл байланып, иман қашады» деген наным бар. Адамның басынан қадырлы, ақылынан қасиетті еш нәрсе жоқ, сол үшінде бас тебіуге, лақтыруға, теріс киюуге болмайды. Киіп жүрген бас киімді сиға немесе киіп тұруға бермейді. Себебі бастан бақ кетеді, соры қайнайды. Силыққа жаңа бас киім беру керек.

Қазіргі бас киімдердің ертедегі бас киімдердің жалғасы екенін көрсетеді. Монғұлияның Баян Өлгей өңірінен түсірілген жарта суреттеріндегі кеңесте отырған үш адамның бас киімі бүгінгі қазақтардың бас киіміне негізгі жақтан ұқсайтынын байқаймыз. Мысалы; бүгінгі қазақтардың екі құлақты желкелігі бар түлкі елтірі, сәукелесі бұдан еш айнымайды.

Қазақстанның Алтай өңіріндегі Катон Қарағайынан табылған Пазырық мәдениетіне тән қабырдағы ағаштан ойылған жануар бейнелері біздің қазақ оюы төтемдік бейнелеуі өнеріне қалыптасқан деген көзғарасымзды тіпті растай түседі.

Қазақ ою-өрнегі қазақ мәдениетінің қалыптасуы, даму тарихын зерттеуде тілден қалса аса маңызды орында тұрады, ол қазақ ұлтының ең негізгі ұлыттық симыбылы, дүниенің қайсыбір түкбірінен болмасын қазақ ою-өрнектерін көрген жерден таныуға болады. Біз қазақ киім-кешегімен бас киіміндегі және басқалай нәрселерге салынған ою-өрнектен тани аламыз.

Үкі тағу үрдіс бүгінге дейін жалғасып қазақ бойжеткендерінің тақиясымен жас келіншектердің сәукелесіне тағылатын үкіге дейін ұласып келеді. Қазақта жаңа түскен келіннің желегіне үкі мамығы мен қауырсынын тағу салты барлыққа келіп, бірте-бірте жалпылық түс алған, міне бұл ислам дінін ұлтымыз қабылдаудан ілгергі дінний нанымдардан қалған қалдық болып, ислам дінімен тоғысып оған үйлесіп, діндік дәрежеден ығысып, тұрмыс салыттағы ырымдарға яғни жол-жосындар құра-

мына еніп кеткен, сондай-ақ, халқымыздың ежелден қазірге дейін тұрмыстық тұтыныу бұйымдарын істеткені көз жауын алатын көрікті етіп әрлеуді дағыдыға айналдырған, қортып айытқанда, үкі мамығын қауырсынын қазіргі кезде пайдаланылуы жол-жосындардан, ырымдардан гөрі әседік ретінде істетілуі жалпылық сипатқа ие болуда.

Қорыта келгенде қазақтың баға жетбес асыл мұралары айтып тауысқысыз. Тек осы бас киіміміздің өзінен талай тарих іздерін тауып отырмыз, әлі талай мәдени мұралардың құпиясы мен сыры ашылары хақ.

### Әдебиеттер

- 1 «Қазақтың этнографиялық мәдениеті» Түсбек Ысламқұлұлы.
- 2 «Қазақтың салт-дәстүрі» Ясин Құмарұлы.
- 3 «Көшпенділер және орта жазық мәдениеті» Ясин Құмарұлы.
- 4 «Жаңғырған жартаc тіл қатады» Байақымет Жұмабайұлы.
- 5 «Мұра» журналы 2008 жыл 1-сан.
- 6 «Ғылым» журналы Іле педагогика институты 2010 жыл 1-сан.

\* \* \*

С развитием истории развивалась и национальная культура, относящаяся к национальной казахской одежде. На протяжении многих лет казахское национальное искусство менялось, не теряя своей национальной ценности, национального колорита.

\* \* \*

The kazak people with the long deopolement history, created spical clothing culture, the clothing culture is one of the value datad to many centurie. And it makeskazak people differer from other nations.